

# Н ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ, ГАЗЕТИ

16 март Жексенбі

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

... Бүкіл жұмыстың түйіні — адамдарды іріктеуде және істің орындалуын тексеруде. Егер біз мұны іс жүзінде үйренсек, іс жүзінде пайда келтірsek, онда біз... барлық қыйыншылықтарды жеңеміз.

**В. И. ЛЕНИН.**

## Оды большевиктік рухта тәрбиелейік

Кадрларды іріктеудің принципін бұзу нәтижесінде текет тәртібі нашарлаушылығының жошпары теген аса маңызды тап-тамады.

тертері сын мен өзара сын мейлінше көмектесіп, ин сыңа айрықша құға, кадрларды кемшілік-шағымдар мен мәлім-ерекше көңіл бөліп әрбиелеуге тиіс. Мұндай әлімдемелер еңбекшілер-үкмет мүдделеріне, пар-әне шаруашылық аппа-н жақсартуға қамқор-терінің бірі болып табы-

мунист Итбаев жолдас-ғы председателі Жек-шаруашылық артелінің жүргенін Талдықорған тал аудандық партия рет хабарлады. Аудан-теті, оның бұрынғы бі-Қаскеев жолдас бұл қоймағаны былай коммунистің өзін қудала-астың ұшынысы бойын-артия комитеті Итбаев-дан шығарды. Тек Ка-

геттерінің бірінші секретары етіп жоға-рылатуға келгенде облыстық партия комитеттері көп уақытта үргедектенеді, батылдық көрсете алмайды. Олар шеттен азыметкерлер жіберуді өтінеді, тек оқта-текте ғана ондай қызметкерлерді екінші секретарь етіп жоғарылатады. Облыстық партия комитеттері кадрлардың өскенін байқамайды, оларды тек қазіргі уақытта атқарып жүрген қызметінде байқауға дағдыланған, олардың өскендігін, оған күрделірек жұмысты орындай алатынын ойластырмайды.

Резервті кәсіподақ, комсомол, шар-уашылық және басқа сондай ұйымдар-дың қызметкерлерінен де жасауға бола-ды және жасау қажет те. Бұл ұйымдарда күнбе-күнгі жұмыстарда кездескен қы-йыншылықтармен күресе отырып, өскен мыңдаған тамаша кадрлар бар. Бірақ, біздің кейбір партия комитеттеріміз бұл кадрларды білмейді.

Партия комитеттері жоғары және орта білімді мамандарды партия, совет аппаратындағы жауапты қызметке жоға-рылатпайды. Көптеген облыстық, қала-

Ж. ШАЯХМЕТОВ,

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің секретары

захстанская правда» газетінде хабарлан-ды. Бұл жыйналыста кәсіпорындарының басшылары, идеология майданының қыз-меткерлері, бастауыш партия ұйымдары-ның секретарьлары сөз сөйлеген жоқ. Бірақ, оның есесіне дерексіз бос сөздер көп болды.

Жақын арада Ақтөбе облыстық партия комитетінің пленумы сондай төмен дәре-жеде өтті. Пленум қабылдаған көптемігі егіске әзірлік туралы қаулыда бұқаралық- саяси жұмыс және ауылшаруашы-лық еңбекшілерінің социалистік жары-сын ұйымдастыру мәселелері ескерілмеді.

Актив жыйналыстары, пленумдар, партия жыйналыстары кадрларға боль-шевиктік тәрбие берудің шын мәніндегі мектебі болуға тиіс. Сондықтан оларды мұқият әзірлеу керек, онда маңызды шаруашылық және саяси мәселелерді алға қойып, кемшіліктерді ашатын іс-керлік сын мен өзара сынның кең өріс-тетілуін қамтамасыз ету керек.

Республикада комсомол кадрларын тәрбиелеу жөнінде едәуір жұмыс істелді. Мұнымен бірге, бұл жұмыста ірі-ірі-

рағылықты күшейтіп, ұлтшылдықтың қандай да болса көріністеріне қарсы, оның ғылымға, әдебиетке, искусствоға енгізілуіне қарсы мейлінше батыл ымы-расыз күрес жүргізуге тиіс. Партияның саясатын бұрмалау әрекеттерінің бәрін мерзімінде өшкерілеп, түп тамырымен жойып отыру, ондай әрекеттерге ымыра-сыз болу — кадрларға большевиктік тәр-бие берудің аса маңызды шарттары.

Қазақстан К(б)П V съезі алға қойған міндеттерді орындау үшін республика-лалық шаруашылығының барлық буын-дарында кадрларды дұрыс іріктеу, тәр-биелеу және орналастыру жөнінде зор жұмыс жүргізу керек болады. Сондықтан да партия комитеттерінің барлық бөлім-дерінің алға қойылған мақсатқа жетуге ұмтылып, толық ынтымақпен жұмыс іс-теуінің аса зор маңызы бар. Басшы кадрларды іріктеп, орналастыру жұмы-сында бөлімдердің толық ынтымақпен жұмыс істеуінің маңызды болуының та-ғы бір себебі — егер бұл жұмыс басқа кейбір маңызды учасоктерде ойдағыдай жүргізілмесе, онда басшы партия кадрла-рын дұрыс іріктеудің өзі де кейде ойда-ғыдай нәтиже бермейді.

Марксизм- ленинизм идеяларын наси-хаттау саласында V съезд партия ұйым-дары алдына мынадай басты- басты мін-деттер қойды:

нысымен оны тезінен ұмытады, мұна кейін осындай асығыстықпен келе-мәселені талқылауға әзірленеді. Сөйтіп қарар қабылдау жай формальдылыққа міндеттен құтылушылыққа айналады.

Бұл жердегі басты хауіп мынада: омылығын жатқан қаразбастылықтан шар-уашылық және мәдениет құрылысын өкешілікпен негізгі желісінен айыры-лып қалу оп-оңай. Басшы қызметкерле-дің ұйымдастыру жұмысын жүргізуге қабылданған қарарлардың орындалуы тексеруге уақыты қалмайды. Мұна-әріне, қарарлар қабылдау деген мағы-на тұмайды. Партия ұйымдары қарарла қабылдауға тиіс. Бірақ, мұнымен бірге мынадай екі шартты орындау керек. Бі-ріншіден, кез келген іс және әрбір мә-селе бойынша қалайда қарар шығаруы ұмтылмау керек, екіншіден, қарар қа-былдағаннан кейін оны орындауды тезі-нен ұйымдастыру керек.

Қарарлар мен нұсқаулар нақтылы бо-луы, оларды орындау мерзімдері дәлме-де белгіленген болса, бұл қарарлар мен нұ-сқаулардың орындалуын тек сонда ғал тексеруге болады. Қарарлар мен нұсқау-лардың шұбалаңқы, көмескі болуы жауапсыздықты тудызады.

Мәселен, Талдықорған облыстық пар-тия комитетінің 1951 жылғы октябрда қабылдаған қарары ұйымдық және пар-

дауды әрдайым талап етіп келді және талап етуде. Кадрларды партия мен үкіметтің нұсқауларын орындаудың нақтылы жұмысында тексеру кадрларды дұрыс үйретіп, тәрбиелеудің негізгі әдісі болып табылады.

Кадрларды дұрыс іріктеу үшін, деп үйретеді Сталин жолдас, екі түрлі белгі: саяси және іскерлік белгі болу керек. Оның біріншісі — қызметкер бұқараның саяси сеніміне тұрарлық па, екіншісі — ол өзіне жүктелетін нақтылы жұмысты орындауға жарамды ма, ол жұмыстың сол участоғына басшылықты қамтамасыз ете ала ма.

Кадрларды іріктеу, орналастыру ісінде мұны ұмытқан жерде, әдетте кадрларды басшылық қызметке жоғарылату жұмысында қателер, шаруашылық жоспарларын орындау жұмысында кемшіліктер болады, партия және мемлекет тәртібі бұзылады. Республикамызда адамдардың басшылық қызметке іскерлік және саяси белгілеріне қарай емес, туыскандық, тамыр-таңыстық және көңіл достық белгілеріне қарай іріктеп қою фактілері әлі жойылған жоқ. Кейбір партия комитеттері жұмысты ақсатқан, өздерінің беделін түсірген қызметкерлерді басқа сондай, кейде онан да жоғары қызметке қояды.

Байзақов ұзақ уақыт бойына Қарағанды облыстық атқару комитетінің председатели болып жұмыс істеді. Ол саяси сенімсіз болды, өзінің қызмет дәрежесімен жолсыз пайдаланды, өзінің төңірегіне қыяқелді сұрқыя адамдарды жыйнады, ол мемлекет мүлкін талап-таражға салды, тек жақында ғана ҚК(б)П Орталық Комитеті Байзақовты қызметтен алып, партиядан шығарды.

Оңтүстік Қазақстан облысының партия ұйымында кадрларды іріктеудің большевиктік принциптері бұзылып келді. Мұның ең бірінші себебі — облыстық партия комитеті және оның бірінші секретары Ерпенесов жолдас кадрларды іріктеудің большевиктік принциптерін елемеді, партия және совет аппаратына сенімсіз адамдарды көп алды, өздерінің беделін түсірген және жұмысты ақсатқан қызметкерлерді қорғады. Партия ұйымында тамыр-таңыстық, ауызжаласқан-

қызметінен, ал, ғыналин жолдасы аудандық газеттің редакторы қызметінен алуға мәжбүр болды.

Ешкімнің бет-ажарына қарамайтын ашық, шын ниетті, турасын айтатын сын, бейқамдыққа, өзін-өзі дәріптеушілікке, менмендікке қарсы батыл күрес жүргізу, кемшіліктер мен қателерді мезгілінде ашу, оларды практикалық жұмыста тез түзету — мұның бәрі кадрларды большевикше тәрбиелеп, шынықтырудың аса маңызды құралдарының бірі болып табылады. Сын мен өзара сынсыз қандай істің болса да тұралап, аяқсыз қалатыны сөзсіз.

«Кімде-кім, — деп үйретеді Сталин жолдас, — біздің кадрларымыздың намысын, олардың қателерін бүркемелеу арқылы өсіргісі келсе, ол адам кадрлардың да, олардың намысының да түбіне жетеді, өйткені, ол кадрлардың қателіктерін бүркемелеу арқылы, мүмкін бұрынғыдан да үлкен жаңа қателіктердің тууын жеңілдетеді, кадрлардың «намысы» мен «тыныштығына» зиян келтіріп, кадрларды мүлде құртуға апарып соған қателіктердің тууын жеңілдетеді».

Кадрлар арасындағы жұмыстың көп кемшіліктері жақсы зерттелген және тесірілген кадрлар резервінің болмауынан. Ал, мұндай резерв жасаудың керектігі туралы бізде өте көп айтылады, бірақ, іс жүзінде айтарлықтай еш нәрсе істелмейді. Ауданның бірінші басшысы босатылғаннан кейін (оқуға жіберілгеннен, басқа жұмысқа ұсынылғаннан, орнынан алынғаннан кейін және тағы басқа сондай) оның қызмет орны ұзақ уақыт бойына бос тұратындығының себебі осыдан. Мәселен, Қарағанды облысының Нұра ауданында, Жамбыл облысының Қордай ауданында, Семей облысының Аягөз ауданында міне бірнеше айдан бері аудандық партия комитеттерінің бірінші секретарьлары жоқ.

Резервті ең алдымен партия аппаратының қызметкерлерінен жасауға болады. Барлық партия комитеттерінде өте көп іскер, тәжірибелі партия қызметкерлері бар. Солай бола тұрса да оларды аудандық және қалалық партия коми-

теттерінің жетекшілерімен бірігіп, оған баса көңіл бөлуді, сөйтіп, аса маңызды шаруашылық-саяси міндеттерді мезгілінде ойдағыдай орындауды аз үйретеміз. Сондықтан да төменгі басшы кадрларға нұсқау беруге өзіміздің күнбе-күнгі жұмысымызда айырықша көңіл бөліп отыруымыз керек. Ал, бұл іспен партия комитеттерінің секретарьлары, бөлім меңгерушілері оқта-текте емес, үнемі шұғылданып отыруға тиіс.

Партия жыйналыстары, партия активтерінің жыйналыстары, партия комитеттері бюросының мәжіістері жас кадрларды тәрбиелеп өсірудің сыннан өткен құралы болып табылады. Солай бола тұрса да кейбір партия ұйымдарының жұмыс тәжірибесінде партия ішіндегі демократияның басшылық етудегі коллегиялықтың бұзылуына жол беріледі. Шаруашылық және мәдениет құрылысының күнбе-күнгі шұғыл мәселелерін көп уақытта жеке адамдар шешеді, оған актив қатыстырылмайды. Мұның өзі қызметкерлердің іскерлік қасиеттерін зерттеуге кедергі болады. Кадрларды өсіруге бөгет жасайды, басшылық қызметке жоғарылату үшін резерв жасауға көмектеспейді.

Бірсыпыра реттерде партия активінің жыйналыстары идеялық-саяси төмен дәрежеде өткізіледі, сын мен өзара сын ерісетілмейді. Қазақстан К(б)П V съезінің қорытындысын талқылаған Қостанай қалалық партия активінің жыйналысы оған дәлел, ол туралы жақын арада «Қа-

зақстан» журналында берілген мақалалар қолданылды. Бұлардың ішінде көп әйелдер аудандық, облыстық партия комитеттерінің секретары болып ойдағыдай жұмыс атқаруда. Бұл жұмысты онан әрі жүргізе беру, әйелдерді, әсіресе, қазақ әйелдерін партия және мемлекет аппаратындағы басшылық қызметке жоғарылату — партия комитеттерінің тікелей міндеті.

Сталин жолдас кадрлар шын мәнісінде күнбе-күнгі қызу жұмыста, қыйыншылықтармен күресте, қыйыншылықтарды жеңе отырып, шынығатынын үйретеді. Партия, совет, шаруашылық кадрлар халық шаруашылығы жоспарларын орындау, техниканы алға бастыру, мәдениетті көркейту және еңбекшілердің тұрмысын жақсарту күресінде тәрбиеленеді, большевикше шынығады.

Партия ұйымдары кадрларды партия-мыздың саясатын дұрыс түсінетін етіп, оны жүзеге асыру үшін аянбай күресуді өздерінің ең зор міндеті деп есептейтін етіп тәрбиелеуге міндетті. Кадрлар өздерінің жұмысын бұқараға сене отырып, бұқараның тәжірибесін пайдалана отырып жүргізетін болу керек, жаңалықты, азаттықты мезгілінде қолдап, кемшіліктерге төзбейтін болу керек, сын мен өзара сынды батыл күшейтіп, өздерінің қателері мен кемшіліктерін мойындап қана қоймай, оларды күнбе-күнгі жұмыста тез түзететін болу керек.

Республиканың партия ұйымдары қы-

## Жоғары оқу орындары үшін жаңа үйлер

Москваның Н. Э. Бауман атындағы жоғары техникалық училищесі үшін салынған үйдің бірінші кезектегісі пайдалануға берілді. Бұл көп этажды биік үйге оқу кабинеттері мен лабораториялар, аудиториялар орналастырылған.

Астанадағы жоғары дәрежелі оқу орындары: В. М. Молотов атындағы автомобиль жол институты, В. Р. Вильямс атындағы су шаруашылық инженерлер институты, Д. И. Менделеев атындағы химия-технологиялық институты, И. В. Сталин атындағы тау-кен институты үшін

жаңадан үйлер салыпуда.

РСФСР қалаларында педагогикалық және медициналық 17 жоғары оқу орындары үшін үйлер салынып, кейбіреулері қайтадан кеңейтілуде. Институттар үшін жаңа оқу, тұрғын үйлері Горький, Грозный, Краснодар, Дондағы Ростов, Курскіде салынып жатыр.

Жылдың аяғына дейін тек студенттер жатақханаларының құрылысына ғана 100 миллион сомнан артық қаражат жұмсалатын болады.

(СОТА).

үйімдары әрдайым Кәзір, паран мінде істің орыңызы бол

Істің оқу үйімдард большеви мемлекет дың, әрбі сырылған шейтудің болып та формальді әдеттеріне тия, совет ның мұң; басшылар рықтар, тады, бір жер-жер сымең те мұны жо

Бірқатә практика теттері ж алғаннан түсінбейі рода талп жібердік» қайтаруға қараарлары талқылан

орындары рына атү Мұндайда тива бері валардың дар оолма рауына, мұндай з керек.

Бірып уақытта гурлым і тыны ба тер жый ді, матер және ұл сиялар қ

## Булаев ауданында

### Жаңа дәрігерлік пункт

Аудан колхоздарының бәрінде де дәрігерлік пункт жұмыс істейді. Гріденген Ленин атындағы колхозда жуырда дәрігерлік пункт ашылды. Дәрігер Смирнов жолдас колхоздың төрт бригадасында да кезекпен болып, тиісті медициналық көмекті уақытында көрсетіп отырады.

### Шоферлар оқуы

Өткен жылдың октябрь айында «Транскадрдың» облыстық автомобиль мектебі ауданның совхоз, МТС және колхоздары үшін шофер даярлайтын мектеп ашқан болатын. Бұл мектепті февральдың басында 30 адам бітіріп шықты. Көзір мектепте 20 адам оқып жүр.

### Жаңа станок алды

Совет астық совхозы жыл сайын трактордың колденчатый валын жөндеу үшін Мамлют заводына барып көп уақыт өткізіп, едәуір қаржыны артық жұмсайтын. Көзір колденчатый вал совхоздың өзінде жөнделеді. Бұл мақсатқа арнаулы станок орнатылды.

### Таңдаулы аңшылар

Сталин атындағы колхоздың аңшысы А. Әминев жолдас үш айда қақпамен бір қасқыр, 18 түлкі ұстап аң терілерін дайындау орындарына тапсырды да, маусымдық жоспарды 225 процент орындады. Аңшылар А. Терехов, Дорофеев және М. Керейбаев жолдасар маусымдық жоспарды 150—200 процент орындады.

## Бүкілодақтық үшінші сыйлық

Мамлют элеваторы өткен жылдың төртінші тоқсанында астық қабылдаудың жоспарын 169,5 процент орындады, астық



Орыс ғылымы пионерлерінің бірі, орыстың географиялық ғылымының беделі, өз Отанының даңқы үшін жанқиярлықпен қызмет еткен ұлы ғалым-саяхатшы Николай Михайлович Пржевальскийдің өмірі мен ғылыми қызметіне арналған «Пржевальский» кинофильмі облысымыздың кино-театрларында көрсетіле бастады. Кино көрушілер жұртшылығы жаңа фильмді совет киноискусствосының ғылыми-көркем шығарма жанрындағы жаңа бір жетістігі ретінде қарсы алуда.

Фильм Николай Михайлович Пржевальскийдің орыстың географиялық ұлы мектебінің негізін салушы, атақты ғалым-саяхатшы Семенов — Тянь-Шанскиймен танысуына, оған өзінің Орталық Азияны зерттемек болып жүрген ойын білдіруден басталады. Ол одаң, өзі күткендей, қолдау табады. Бірақ, Семенов — Тянь-Шанский ең алдымен әлі аз зерттелген Уссурий өлкесін зерттеп келуді ұсынады Пржевальскийге.

...Міне, көз алдымыздан Уссурий өлкесінде саяхаттың тамаша көріністері де

дер негізінде және сол тұрғыдан мейлінше толық бейнеленеді. Пржевальскийдің тамаша бейнесінен ұлы орыс халқының ізгі қасиеттері толығынан сезіледі. Артист С. Паповтың ойнауында ол, Пржевальский, өзінің бүкіл өмірімен, еңбегімен Отаны үшін, орыс ғылымының беделі, даңқы үшін жанқиярлықпен қызмет істеген патриот ғалым-саяхатшының адамға тартымды қарапайымдылығы, сонымен қабат, ержүректігі мен батылдығы, ұшқыр ойының кең құлаш сермеуі өте мөте айқын бейнеленген. Экранда саяхатшы тек ғалым күйінде қала бермейді, ол сонымен бірге — адамды жоғары бағалайтын, бәрине адамгершілікпен қарайтын гуманист болып та бейнеленеді. Корей деревнясындағы оқыға, жокшылық езіп жаныштаған қытай кедейлеріне асқақ қайырымдылықпен қарау Пржевальскийдің қарапайым адамдарға тән адамгершілік қасиетін бөлектеп, ерекше көрнекті етіп бейнелегендей.

Пржевальскийдің серіктері — солдат Егоров (артист Б. Тенин), прапорщик Роборовский (артист В. Ларионов) қазақ

## Кореядағы оқығалар

### Халық Армиясы Бас Командованиесінің хабары

ПХЕНЬЯН, 13 март. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының құрамалары қытай халықтық еріктілері бөлімдерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, барлық майдандарда қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды, деп хабарлады.

Кеше Шығыс майданның жекелеген участоктерінде дұшпан танктерінің және артиллериясының қолдауымен Халық армиясының қорғаныс бекіністеріне атақалар жасады, бірақ күшті қарсылыққа кездесіп, зор шығынға ұшырап, кейін шегінді.

Басқа майдандарда айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолетін аңдып атқыштар отрядтары дұшпанның 7 истребителін атып түсірді.

\* \* \*

ПХЕНЬЯН, 14 март. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының құрамалары қытай халықтық еріктілері бөлімдерімен бірлесе тығыз қыймыл жасай отырып, американо-ағылшын әскерлері және лисьянманшыл армияға қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізіп, оларды адам күші және техника жағынан шығындарға ұшыратуда болды деп хабарлады. Өткен айдағы ұрыстарда февральдің 1 мен 29-на дейін дұшпанның 6795 солдаттары мен офицерлері оққа ұшыты және жараланды, сол сияқты, олжалар қолға түсірілді. 83 танкі қыйратылды және зияндалды.

Дұшпанның 11 кемесі суға батырылып, 2 кемесі зиянға ұшыратылды, 152 самолеті атып түсіріліп, 187 самолетіне зиян келтірілді.

Германиямен бітім шарты туралы АҚШ, Великобритания және Франция үкіметтеріне Совет Үкіметінің нотасы туралы шетел пікірлері

